

Бекітемін

Мектеп директоры

Ж. Б. Қайдақова

« 01 » ~~сентябрь~~ 2022 жыл



Сарат ЖОББ мектебінің 2022-2023 оқу жылына арналған «Зиаткер» дебат клубының жоспары

Дебат жетекшісі: Сақтағанов Е

Түсінік хат

Дебат ойындарында оқушылардың ой ұшқырлылығы қарама-қарсы сұрақ сәтінде анық байқалады. Білімді, көп ізденетін оқушылардың өзіндік ой-өрісі ойын барысында көрінеді. Қыннан қылыш қылыш суырғандай сұрақтары қарсы топты ойландырып, өз кейстеріне күмән тудыратындай етулері керек. Сабақтарда пікірсайыс әдістемесін түрлендіре пайдалану оқушыларды ізденуге, сөйлеу дағдыларын жетілдіруге көмектеседі.- өзіндік ой-пікірін жүйелі, дәйекті айта білуге, мәдениетті сөйлеуге баулиды;- шығармашылық қабілеті шыңдалады, шұғыл шешім қабылдай білуге үйренеді, кітапханамен байланысы нығаяды; - оқушылар сөйлеу мәдениетіне қойылатын талаптарға мән бере отырып, шешен сөйлеуге, шешендік өнерді үйренуге машықтанады.Жалпы, оқушылардың бойына ұлттық үрдісті сіндіруде, баланы озық қоғамға сай етіп тәрбиелеуде дебат технологиясының берер пайдасы мол. Оқушыларға сапалы білім мен саналы білім беру – бүгінгі күннің басты өлшемі. Өз позициясын жақтап шығуға тырысқан оқушылар бос уақытта сенделмей, кітапханаға барып түрлі материалдар іздестіреді. Қазіргі таңда ғаламтордың шеңберінен шырматылып шыға алмай қалған балалардың көркем әдебиет оқуға құлшынысы арта түседі. Ойын барысында өз ойларын келелі сөз, шынайы шеберлікпен, шешен тілмен жеткізуге тырысады. Кез келген тыңдаушыға жүйелі сөз әсер етері хақ. Шешендік салтанат құрған жерде оқушылар ұлттық-рухани құндылықтарды бойына сіңіріп, алдағы күнде ел жүгін мойнымен арқалауға дайын тұрады. Жаһандану заманында білім берудің озық үлгілерін пайдалана отыра нақты нәтижелерге қол жеткізу – бүгінгі заманның басты талабы.

"Зияткер" дебат үйірмесінің негізгі мақсат міндеттері:

Сабақтарда пікірсайыс әдістемесін түрлендіре пайдалану оқушыларды ізденуге, сөйлеу дағдыларын жетілдіруге көмектеседі.

- өзіндік ой-пікірін жүйелі, дәйекті айта білуге, мәдениетті сөйлеуге баулиды;
- шығармашылық қабілеті шыңдалады, шұғыл шешім қабылдай білуге үйренеді, кітапханамен байланысы нығаяды;
- оқушылар сөйлеу мәдениетіне қойылатын талаптарға мән бере отырып, шешен сөйлеуге, шешендік өнерді үйренуге машықтанады.

Дебат технологиясы оқушы бойына мынандай қасиеттерді қалыптастырады:

- жан-жақты білім;
- тапқырлық;
- шешендік;
- зеректік;
- аңғарымпаздық;
- сын тұрғыдан ойлауды;
- өз ойын ашық айтуға
- адамдармен дұрыс сөйлесе білуге;
- көпшілік алдында сөйлеп үйренуге;
- адамдармен мәдениетті қарым-қатынас.

"Зияткер" дебат үйірмесінің жоспар

№ р/с	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Кіріспе Жастар арасында сыбайлас әемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру	1	26.09.2022
2	Карл Попердің пікір- сайыс үлгісі.	1	28.10.2022
3	Саяси дебат форматы.	1	22.12.2022
4	Пікір- сайыстың американ форматы.	1	27.01.2023
5	Спикерлер қызметі.	1	24.02.2023
6	Дебат тарихынан	1	17.03.2023
7	Қарсы сұрақ жауаптар.	1	21.04.2023
8	Қарсы сұрақ жауаптар.	1	19.05.2023